

Әкімнің 2018 жылғы 24 тамыздағы № 6 "Қостанай ауданы Глазунов ауылдық округінің Глазунов ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы Айсары ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 7 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 желтоқсанда № 8832 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 19 және Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 348 "Қостанай облысы Қостанай ауданының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8173 болып тіркелген) сәйкес әкім **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әкімнің "Қостанай ауданы Глазунов ауылдық округінің Глазунов ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы" 2018 жылғы 24 тамыздағы № 6 шешіміне (2018 жылғы 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8038 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбында және барлық мәтіні бойынша "Глазунов" сөзі "Айсары" сөзімен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі шешімнің тақырыбында және барлық мәтіні бойынша "Глазуновка", "Глазуновского" сөздері "Айсары", "Айсаринского" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 20 маусымдағы қорытындысы негізінде әкім **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. "Қостанай ауданының Айсары ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК